

универсиета и 100-летию заслужного деятеля науки Республики Казахстан Тажибаева Л.Е.-Алматы, 2015.- том II. - С. 195-200.

4. Отчет по проекту «Улучшение использования водных ресурсов в Центральной Азии» в рамках Деятельности 3: Поддержка Чу-Таласской водохозяйственной комиссии.- Бишкек-Тараз, 2013.- 125 с.

Козыкеева А.Т., Даулетбай С.Д.

#### СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ И ВОДОХОЗЯЙСТВЕННЫЙ КОМПЛЕКС ВОДОСБОРНОГО БАСЕЙНА РЕКИ ШУ

##### *Аннотация*

На основе использования многолетних информационно-аналитических метериалов «Казгидромет» Республики Казахстан и «Кыргызгидромет» Кыргызской Республики определены современное состояние водных ресурсов и деятельности водохозяйственных комплексов водосборного бассейна реки Шу.

**Ключевые слова:** водные ресурсы, природа, ландшафт, оценка, использование, система, река, водосборный бассейн, район, орошаемые земли.

Kozykееva A.T., Dauletbaeva S.D.

#### CURRENT STATUS OF WATER RESOURCES AND SYSTEM FOR WATER CATCHMENT BASIN SHU

##### *Annotation*

On the basis of long-term use of information-analytical meterialy «Kazhydromet» the Republic of Kazakhstan and «Kyrgyzhydromet» Kyrgyz Republic determined the modern state of water resources and water management activities complexes Shu catchment basin.

**Keywords:** water, nature, landscape, assessment, use of the system, river, watershed area of irrigated land.

ӘОЖ 639.338.48

**Қыдыров Т.Н., Байбатшанов М.К.**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

#### «АЛТЫН ЕМЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ БАҒЫНДАҒЫ ҚАРАҚҰЙРЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ, САНЫН КӨБЕЙТУ ШАРАЛАРЫ

##### **Аңдатпа**

Мақалада Алтын Емел мемлекеттік ұлттық табиғи саябағана сипаттама жасалынған. Зерттеу нысанасы болып отырған қарақұйрықтың биологиялық ерекшеліктері және оларды қорғау жұмыстары келтірілген.

**Кілт сөздер:** Жабайы жануарлар, сүтқоректілер, майдашоқылы бедерлер, полигамды аң, лимит, фактор.

### **Кіріспе**

Табиғаты бай, әрі жері кең байтақ қазақ даласында жануарлардың көптеген өкілдерінің таралуы мен тұрақты тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар бар. Сүтқоректілер ерте дәуірден бастап, адам өмірінде маңызды орын алады. Олардың көптеген түрлері кәсіптік және әуесқойлық жолмен ауланатын бағалы аңдар. Аулау арқылы олардың дәмді етін, “жұмсақ алтын” аталып кеткен құнды терілерін, дәрі-дәрмектік шикізаттарын және тағы басқа өнімдерін халық шаруашылығына пайдалана аламыз.

Қазақстан аумағында мекендейтін қарақұйрық Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген. Олар мекендейтін жерлерде екі қорық – Алматы және Ақсу Жабағлы қорықтары ашылған. Басқа да ерекше қорғалатын аумақтарда да бар: мысалы, Алтын-Емель мемлекеттік ұлттық табиғи бағы мен Аңдасай мемлекеттік қорықшасы. Бірақ осы кезге дейін қарақұйрыққа деген қасақылық әлі толастар емес.

Қарақұйрықты барынша қорғап, сан мөлшері анықтап, көпшілік арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отыру мамандар алдында тұрған міндеттердің бірі болып табылады.

**Алтын Емель мемлекеттік ұлттық табиғи бағына сипаттама.** Орта Азияның жүрегінде, Алматыдан 160 шақырым қашықтықта Жоңғар Алатауының оңтүстік аймағында орналасқан Қазақстан Республикасының ең ірі Ұлттық мемлекеттік табиғи саябағы бар. Бұл қорық жері көшпенді тайпалардың тарихи өмірін сақтап келеді. Ең әсерлісінің бірі- Бесшатыр қорғаны. Бұл қорғандардың биіктігі 20 метр, диаметрі 100метр, б.з.д. VII-IIIғасырлардағы сақ тайпасының ақсүйектері жерленген. Өсімдік әлемінің 634 түрі бар, оның ішінде 41 сирек кездесетін, ал 29 түрі эндемик болып табылады. Бұл жерде кезінде Орта Азияны мекендеген тұяқты жануарларды кездестіруге болады. Олар: құландар, архарлар, сібір тау текелері. Саябақ шекарасында жабайы қабандар бар.

Жоңғар Алатауының бөктерінде 520 мың ауданды алып Қазақстандағы ең ірі – ұлттық табиғи парктердің бірі “Алтын Емель” орналасқан. “Алтын Емель” МҰТП ҚР Өкіметінің қаулысы бойынша 1996 жылдың 10 сәкірінде құрылды. Парк оңтүстігінен Іле өзені мен Қапшағай су қоймасымен, батыстан Шолақ, Матай, Дегерес тауларымен, солтүстіктен Алтын Емель, Қоянды тау-тауларымен, ал шығыстан Қатутау тауының шығыс бөктерінен Іле өзеніне дейін шектесіп жатыр. Парк ауданында Кербұлақ және Панфилов аудандарының территориясын алып жатыр[1].

Парк территориясында келесі ландшафт түрлері бөліп көрсетілген: таулар, таулы плато, жазықтар және жоталар. Негізгі бөлігі таулы массив болатын олардың биіктігі теңіз деңгейінен 1200 – 2500 м. Терең жыралар да кездеседі, жер беткейінің 26 түрі бар. Флора 1800 түрге жуық өсімдіктерден тұрады, олардың 21 түрі Қызыл кітабына енген. Сонымен қатар паркте эндемикалық және сирек кездесетін өсімдіктердің 60 түрі бар. Парк территориясына өте бай фауна орналасқан. Омыртқалы жануарлардың өзінің 260 түрі бар, ал Қазақстандағы барлық омыртқалы жануарлардың 31,2% пайызын құрайды. Құстардың 400 түрі бар, олардың 40 түрі Қазақстанның қызыл кітабына енген. Сүтқоректілердің кейбір түрлері Қазақстанның және Халықаралық Қызыл кітапқа енген: қарақұйрық, түркмен құланы, қар барсы, бүркіт, манул, сапсан және тағы басқа[1].

Парк аумағында экотуризм объектілері болатын ерекше табиғи орындар мен ежелгі мәдениет ескерткіштері бар: “ Ән салайын бархан”, бесшатыр бес қорғаны үңгірлерде ежелгі адамдардың тауға салынған суреттерін көруге болады. Алтын Емельде адам аяғын баспаған өзінің бірінші қалпындағыдай жерлерді көруге болады.

**Қарақұйрықтың биологиясы.** Қарақұйрық сүтқоректілер класына, жұп тұяқтылар отрядының күйіс қайырушылар тобы, куысмүйізділер тұқымдасына жатады. Хромосом саны 60. Қарақұйрық-өте жүйрік, шөлге төзімді жануар.

Жайылып жүрген қарақұйрықты тосыннан көрген адам қой екен деп қалады. Өйткені оның дене бітімі, ауқымы қой шамалас. Ересек текелері денесінің ұзындығы орташа есеппен 134 см (122-149), кеуде орамы -86,5 (73- 98), шоқтығының биіктігі - 74 (63-80), мүйізінің ұзындығы -29 (25-36) см, салмағы - 44,5 (33-56) кг, ал ересек ешкілерінің дене ұзындығы - 117 (108-127), кеуде орамы - 73 (69-77), шоқтығының биіктігі - 68 (60-73) см, салмағы 35,5 (29,4-42,5) кг. Тіс формуласы: I - 0/3; C - 0/1; P - 3/2; M - 3/3 = 30.

Дене мөлшеріне зер салсақ, аздап қана ауытқушылықтары болмаса, көбіне кеуде ұзындығы, шоқтығы мен бөксе биіктігі шамалас. Ал кеуде қуысы шоқтық биіктігінің тең жартысынан аз. Сондықтан да қарақұйрықтың аяқтары ұзын болып көрінеді.

Қарақұйрық ареалын және оның тіршілік ететін табиғи ортасын анықтаудың әрі теориялық, әрі практикалық мәні бар. Қарақұйрық негізінен шөлді және шөлейтті жазық жерде тіршілік етуге бейімделген. Бұл бейімділікті оның дене құрылысынан, тез жүгіруге бейімделуінен, тіршілік әрекетінен, мінез-құлықтарынан, табын құрып, жауыннан қорғану ерекшеліктерінен байқауға болады[2].

Бақтағы негізгі мекені болып, сазды, тастақты және орныққан құм болып есептеледі, сонымен қатар көлбеу тау етектері мен шұңқырлар. Күйлеу мерзімі қазан айының аяғынан қаңтар айына дейін. Полигамды аң. Буаз болу уақыты шамамен 6 айдай, жылына 1-2 төл әкеледі.

Мекемеде қарақұйрықтарды жыл сайын санақ жұмыстары жүргізіледі.

Санаққа жалпы әдістемелік нұсқауды ҚР БҒМ зоология институты жүргізеді. Санақ жұмысына мекеменің бас орманшысы, аңшылықтанушысы, орманшылық басшылары және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының қызметкерлері қатысады.

Мекемеде 2012 жылы 3810 қарақұйрық есепке алынған, оның 857 теке, 1475 ешкілер, 1478 лақтар, 2013 жылы 3998 қарақұйрық есепке алынған, оның 886 теке, 1523 ешкілер, 1589 лақтар, 2014 жылы 4244 қарақұйрық есепке алынған, оның 1018 теке, 1578 ешкілер, 1648 лақтар, 2015 жылы 4327 қарақұйрық есепке алынған, оның 1031 теке, 1624 ешкілер, 1672 лақтар. Жалпы соңғы бес жылда мекеме аумағында 16379 қарақұйрық есепке алынған, оның 3792 теке, 6200 ешкілер, 6387 лақтар.

Орташа есеппен әр жылы мекеме аумағында 4095 қарақұйрық есепке алынған, оның 948 теке, 1550 ешкілер, 1597 қозақылар (Кесте 3).

Кесте 1. Алматы облысы, Алтын-Емель мемлекеттік ұлттық табиғи саябағында әр жылғы қарақұйрық қоры

Жылдар	Қарақұйрық саны			
	Барлығы	Текесі	Ешкісі	Лағы
2012	3810	857	1475	1478
2013	3998	886	1523	1589
2014	4244	1018	1578	1648
2015	4327	1031	1624	1672
Бес жылғы саны	16379	3792	6200	6387
Орташа бір жылдық саны	4095	948	1550	1597

Жоғарыда көрсетілген жануарлардан бөлек Алматы облысы, Алтын Емель мемлекеттік ұлттық табиғи саябағында сирек кездесетін жануарлар кездеседі[3].

Қарақұйрық маусымға күйлеу мерзіміне, қоректену ерекшелігіне байланысты 6 типтік алқапта бақ ішінде кездестіруге болады (Кесте - 2).

Кесте 2. Қарақұйрықтың жыл маусымдық мекендеу алқаптары

№	Алқап типтері	Жыл маусымдары			
		көктем	жаз	күз	қыс
1	Шөлейтті эрозиялық-бөлшектенген тау етектері				+
2	Далалық тау етектеріндегі жазықтар	+	+		
3	Шөлейтті тау етектеріндегі жазықтар	+	+		
4	Шөлді тау етектеріндегі жазықтар		+	+	
5	Шөлейтті және шөлді тау ішіндегі шұңқырлар	+	+	+	+
6	Қапшағай су қоймасының жағалауы, Іле өзенінің су жайылымы		+	+	

**Қорғау және биотехникалық шаралар.** Қорғау қызметіне жеті жолсыз жерде жүретін автокөлік (УАЗ 469, Нива) бекітілген. Бүкіл мекеменің аумағы тұрақты (айналымдарда және автокөліктерде) және жылжымалы радио байланыспен қамтылған. Бақылаушылардың қызметтік қарулары бар және арнаулы киім киген[3].

Мекемеде тұяқты жануарларды, соның ішінде қарақұйрықтарды қорғауға және олардың санын орнына келтіруге арналған кешенді шаралар қарастырылған. Оның негізгілері мыналар:

- бастарын аман-есен сақтауға кепілдік ететін мекен ету ортасының болуы,
- қасақылардан жануарларды қорғау шараларын өткізу,
- көрші ауылдарда экологиялық және табиғат қорғау үшін тәрбие жұмыстарын жүргізу,
- аңдар мен құстарды қорғау үшін аншлаптар тұрғызу,
- қосымша қоректендіру, ветеринарлық алдын алу, санын реттеу деген сияқты кешенді биотехникалық шаралар жүргізу.

Қазақстанның Қызыл Кітабына енгізілген осы аймақта сирек кездесетін жануарларды аман алып қалып санын толықтыру үшін қолдан шаралар қолдану керек.

Бұл, жануарларды табиғаттан алмай жүргізілетін шараларды мекеме өз бетімен жүргізеді (қосымша қоректендіру, суаттар ұйымдастыру, тұздықтар жасау).

Мекеме мынадай шараларды жүргізеді:

- жануарларды қыста қосымша қоректендіру,
- төлдеуге жарамды телімдер мен алқаптарды үлкейту,
- ветеринарлық алдын алу шаралары,
- ерекше жағдайда, егер мекемедегі жануарларға және адамдарға қауіп төндірген жануарларды атып тастау арқылы реттеу.

Бұл жұмыста қарақұйрықтың мекен ету ортасы, яғни мекен ететін жерлердің физикалық – географиялық сипаттамасы, сондай-ақ мекен ететін жерлердің климаты, және жер бедері (типологиясы) қарастырылған. Сонымен қатар бұл жұмыста қарақұйрықтың биологиясы мен көбеюі, таралуы мен ареалы және мінез – құлқы сипатталған. Соңғы жылдардағы саны көрсетіліп, санының кемуіне байланысты қазіргі кездегі қорғау шаралары жазылған.

### Әдебиеттер

1. Проект организации и развития охотничьего хозяйства Алтын - Эмел. Алматинской области. Т.1. Объяснительная записка. А.. 1992-1993 гг.
2. Беркінбай О., Есжанов Б., Ташенов Б.Ж. Териология. Алматы Жібек жолы 2008.
3. Отчет о деятельности нацпарка за 2015 год.

Қыдыров Т.Н., Байбатшанов М.К.

КОМПЛЕКСНЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ ПО ЗАЩИТЕ И ПО УВЕЛИЧЕНИЮ  
ЧИСЛЕННОСТИ ДЖЕЙРАНОВ В ГОСУДАРСТВЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ  
ПРИРОДНОМ ПАРКЕ «АЛТЫН - ЭМЕЛЬ»

**Аннотация**

В статье представлены биологические особенности джейрана обитающие в Алтын – Эмельском государственном национальном природном парке и описание парка. Были проведены работы по биотехническим мероприятиям и было исследовано сезонные условия обитания джейрана.

**Ключевые слова:** Дикие животные, млекопитающие, мелкосопочные, полигамные животные, лимит, фактор.

Kydyrov T.N., Baybatshanov M.K.

COMPREHENSIVE MEASURES TO PROTECT AND INCREASE THE POPULATION OF  
GAZELLES IN THE STATE NATIONAL NATURAL PARK "ALTYN - EMEL"

**Annotation**

The article presents biological, features Gazelle inhabiting the Altyn – Emel state national Park description of the Park. Work was carried out biotechnical activities and description of Gazelle.

**Key words:** Wild animals, mammals, hummocky, polygamous animals, the limit factor.

ӘОЖ 332.2

Мукатова Т.М., Мурсалимова Э.А.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

ЖЕР-МЕНШІГІ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ

**Аңдатпа**

Мақала Қазақстан Республикасындағы жер меншігінің даму мәселелеріне арналған. Мақалада меншік түрлері, меншік қатынастары мен құқықтары, жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің айырмашылығы қарастырылған.

**Кілт сөздер:** жер меншігі, жер қатынастары, меншік құқықтары.

**Кіріспе**

Еліміздегі жер қатынастарының дамуы тікелей меншік қатынастарының дамуымен тығыз байланысты. Меншік қатынастары адамның қоғамдағы орнын айқындап қана қоймай жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінің экономикалық құрылымын қалыптастырады.

Жер меншігі-әрқашанда қоғамдағы ең негізгі мәселелердің бірі, жер меншігін иелену елімізде арнайы заңнамалармен қорғалады, ол- экономикалық пайданың көзі, сонымен қатар мемлекетіміздің шекарасы мен оның ішкі аймақтарын айқындайды.